

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жеке құрамының ақшалай табысын (айлық ақысын) арттыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1992 жылғы 28 желтоқсан N 1088. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.25. N 1620 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

(1 , 2 - т а р м а қ т а р)

Ескерту. 1,2 - тармақтар күшін жойған - ҚРМК-нің 1994.05.18.
N 530 қаулысымен.

3. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу шарттары N 11 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Қызметтің ерекше жағдайы, кәсібі шеберлігі үшін ішкі істер органдарында бұрыннан қолданылып келген үстемеақылар мен қосымша ақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер N 12 қосымшаға сәйкес сақталсын.

5. Еңбекке ақы төлеудің осы шарттары ішкі істер органдарының карамағындағы республикадан тыс іссапарға жіберілген, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің кадрларында есепте тұрып, басқа министрліктер мен ведомстволардың жүйесінде жұмыс істейтін, Ішкімін жүйесінің оқу орындарына оқуға кеткен қатардағы және басшы құрамына қолданылады деп белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне барлық басқа лауазымдарға /Ішкі әскерлер қолбасшысы басқармасының аппаратын қоса алғанда/ осы қаулымен енгізілген жалақыларға қарайлас жалақы белгілеу хұқы берілсін.

7. Осы қаулыда көзделген еңбекке ақы төлеудің шарттары 1992 жылғы 1 желтоқсанныан бастап енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1088 қаулысына
N 1 - 10 қосымша

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1088 қаулысына
N 11 қосымша

Қазақстан Республикасының ішкі істер

органдары қызметкерлеріне

Еңбекақы төлеу шарттары

1. Басшы құрамның арнаулы әскери атағы жоқ қызметкерлерге
Ішкі істер органдарында үздіксіз қызмет атқарғаны үшін мынадай
проценттік үстемеақы тағайындалсын /айына/:

қызмет өтілі 3 жылдан 5 жылға дейінгілер үшін - 10 процент

- " - 5 ----- 10 ----- - 15 процент

- " - 10 ----- 15 ----- - 20 процент

- " - 15 ----- 20 ----- - 25 процент

- " - 20 жылдан асқандары үшін - 30 процент;

Сіңірген еңбегі үшін проценттік үстемеақы:

- Лауазымдық, оның ішінде көтеріңкі жалақы және арнаулы әскери атағы
бойынша жалақы алатын басшы құрамдағы адамдарға осы жалақылар сомасында

;

- лауазымдық, соның ішінде көтеріңкі жалақы және арнаулы әскери атағы бойынша жалақы алатын қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға - осы ж а л а қ ы л а р с о м а с ы н д а ;

- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі оқу орындарының сақталған ақшалай жалақысын алатын, оқу кезеңінде басшы құрамның кезекті арнаулы әскери атағы берілген, тыңдаушылары мен курсанттарына - бұрын атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы мен дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша жалақысының есебінен;

- Арнаулы әскери атағы жоқ басшы құрамдағы (ішкі істер органдарының жеке құрамына қызмет көрсететін денсаулық сақтау мекемелерінен басқасы) адамдарға ішкі істер органдарындағы үзіліссіз жұмысы үшін үстемақы лауазымдық, оның ішінде көтеріңкі жалақысына есептеледі.

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің селолық жерлерде орналасқан еңбекте түзеу мекемелері жүйесіндегі медицина бөлімдерінде, амбулаторияларда, денсаулық пункттерінде, ауруханаларда істейтін, оның жеке құрамға қызмет көрсететін басшы құрамның атағы жоқ медицина қызметкерлеріне ай сайынғы проценттік үстемеақы үзіліссіз жұмысының алғашқы үш жылы және одан кейінгі әрбір екі жылы үшін лауазымдық жалақысының 10 проценті мөлшерінде, бірақ 40 проценттен асырмай төленеді.

Ескерту. 1-тармақтың бірінші және үшінші-бесінші абзацтары жаңа редакцияда берілген - ҚРМК-нің 1994.05.18.

N 530 қаулысымен.

2. Ішкі істер органдары басшыларына белгіленген еңбекақы қоры шегінде:

- қызметкерлерге 4 айлыққа дейінгі жалақы мөлшерінде сыйлық беру. Наградтаудың (сыйлықтың) нақты мөлшері шектелмейді;

- қызметкерлерге екі айлыққа дейінгі жалақы мөлшерінде жылына ақшалай материалдық көмек көрсету хұқығы берілсін;

- қызмет ерекшелігін ескере отырып (милиционер лауазымы мен оперативтік және тергеу функцияларын атқаруға байланысты лауазымдарды қоспағанда), қатардағы және басшы құрам адамдары ішіндегі әйелдердің бала күтуге байланысты демалыста болуы кезеңінде олардың орнына қызметші ретінде басқа қызметкерлер атқаруы мүмкін лауазымдардың тізбесі бекітілсін. Осындай жағдайларда қабылданған қызметкерлермен мерзімді шарттар жасалсын. Аталған адамдарға атқарып жүрген лауазымы бойынша белгіленген жалақы төленсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1994.05.18. қаулысымен.

3. Ішкі істер органдары басшыларына сыйлық беру жоғары тұрған органның ш е ш і м і м е н жү р г і з і л е д і .

Ішкі істер министрі, Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі органдары мен бөлімшелердің басшылары сыйлық туралы ережені әзірлеп, бекітсін.

4. Оқу органдарының оқу мерзімі кезінде қатардағы және басшы құрамының арнаулы әскери атағын тыңдаушылары мен курсанттарына:

- сақталған ақшалай жалақы алатындарға - бұрын атқарған лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы, дербес берілген арнаулы әскери атағы бойынша жалақысы және үздіксіз қызмет атқарған жылдары үшін проценттік ү с т е м е а қ ы с ы е с е б і н е н ;

- стипендия алатындарға - стипендиясы және арнаулы әскери атағы бойынша дербес берілген жалақы есебінен ақшалай жалақы төленеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің
1994.05.18. N 530 қаулысымен.

(5 - т а р м а қ) - к ү ш і н ж о й ғ а н .

5. Ішкі істер органдарының арнаулы әскери атағы жоқ, жұмысының сипаты жөнінде халық шаруашылығының тиісті салаларына жататын /бюджеттегі секторы/ қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу осы салалар үшін белгіленген ш а р т т а р н е г і з і н д е жү р г і з і л с і н .

6. Арнаулы әскери атақтары жоқ қызметкерлерге уақытша болмаған қызметкерлердің кәсібін, сондай-ақ бос қызметті қоса атқаруына рұқсат етіліп, іс жүзінде орындаған жұмыс көлемі үшін босаған қызметкердің үнемделген жалақысы ш е г і н д е а қ ы т ө л е н с і н .

7. Осы қаулыға енбеген ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің бұрын қолданылып келген шарттары сақталсын.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1088 қаулысына
N 12 қосымша

Ерекше жұмыс жағдайы үшін ішкі істер органдары
қызметкерлерінің жалақысын өсіру және үстемеақылар

Ерекше жағдайда қызмет атқарғаны үшін лауазымдық ж а л а қ ы н ы ө с і р у

Еңбекпен түзеу колонияларының, еңбекпен түзеу колониялары бөлімшелерінің, еңбекпен түзеу колониялары-қоныстарының, еңбекпен тәрбиелеу колонияларының, түрмелердің, сондай-ақ олардың құрамына енетін өндірістік кәсіпорындардың басшы құрамның атақтары жоқ қызметкерлерінің жалақысы /ставкасы/ 15 процент арттырылады. Өндірістік емес салалардың қызметкерлері /денсаулық сақтау, білім беру, сауда, қоғамдық тамақтандыру, материалдық-техникалық жабдықтау және өткізу, тұрған үй-коммуналдық шаруашылық және күзет ұйымдары/ қосылмайды.

Еңбекпен түзеу мекемелерінің өнеркәсіп кәсіпорындарының штаты бойынша өтетін мәшине-есептеу бюролары /стансалары/ қызметкерлерінің жалақысы /ставкасы/ да осындай мөлшерде өсіріледі.

Еңбекпен түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының сотталғандарға арналған кітапханалары мен клубтары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 20 процент арттырылады.

Еңбекпен түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларының қоғамдық тамақтандыру /сотталғандарға арналған асхана меңгерушісі, бас аспазшы және асхана аспазы/, сауданың сотталғандарға арналған дүкеннің сатушысы/ жекелеген санаттағы қызметкерлерінің, сондай-ақ сотталғандармен тікелей қатынаста болатын тергеу изоляторларының оқу-өндірістік шеберханалары қызметкерлерінің жалақысы 15 процент арттырылады.

Еңбекпен түзеу колонияларының /оның ішінде балалар үйлерінің/, еңбекпен түзеу колониялары-қоныстарының, еңбекпен тәрбиелеу колонияларының, түрмелердің, тергеу изоляторларының, сотталғандарды емдейтін ауруханалардың басшы құрамның атақтары жоқ медициналық қызметкерлерінің жалақысы /ставкасы/ 30 процент, осы мекемелердің фармацев қызметкерлерінің жалақысы - 20 процент, еңбекпен түзеу мекемелері ауруханаларының басқа қызметкерлерінің жалақысы - 15 процент өсіріледі.

2. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға, сондай-ақ басшы құрамның атағы жоқ адамдарына лауазымдық жалақысы /ставкасы/ жалпы режимдегі еңбекпен түзеу мекемелерінің тиісті қызметкерлерінің жалақысымен салыстырғанда :

- қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында - 10 процент;
 - ерекше режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында - 15 процент
- арттырылады .

Түрмелердің орта және аға басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ басшы

құрамның атағы жоқ адамдарының жалақысы /ставкасы/ 15 процент өсіріледі.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды емдеуге арналған ауруханалардың қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ басшы құрамның атағы жоқ адамдарының жалақысы /ставкасы/:

егер соттың үкімімен қатаң режимдегі немесе ерекше режимдегі және қатаң режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында бас бостандығынан айыруды өтеу белгіленген емдеудегі сотталғандардың саны, барлығын қоса алғанда, аурухананы толтыру лимитінен /төсек-орын санынан/ 50 проценттен артық болса

,

а) 10 процентке ;

егер соттың үкімімен ерекше режимдегі еңбекпен түзеу колонияларында бас бостандығынан айыруды өтеу белгіленген емдеудегі сотталғандардың саны аурухананы толтыру лимитінен /төсек-орын санынан/ 50 проценттен артық болса

,

б) 15 процент өсіріледі .

Басшы құрамның атағы жоқ адамдардың жалақысын /ставкасын/ жоғарыда көрсетілгендей өсіру осы қосымшаның I-тармағына сәйкес лауазымдық жалақысын /ставкасын/ көтеруге қолданылатын еңбекпен түзеу мекемелерінің қызметкерлеріне жүргізіледі.

3. Сотталғандарды және бұлтартпау шаралары ретінде қамауда отырған адамдарды, туберкулезбен ауырғандарды ұстау және еңбекте пайдалану үшін арнайы құрылған еңбекпен түзеу колонияларында /бөлімшелерінде/, учаскелерінде, түрмелерде, тергеу изоляторларында, ауруханаларда, емдеу-еңбек және оқу-өндірістік шеберханаларда жұмыс істегені үшін қатардағы және басшы құрамның адамдарына, сондай-ақ басшы құрамның атағы жоқ адамдарға лауазымдық жалақысы /ставкасы/ мекеме басшысы бекіткен лауазымдар тізбесіне сәйкес 15 процент арттырылып, ал медицина қызметкерлеріне - Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі денсаулық сақтау қызметкерлеріне арнап бекіткен тізбе бойынша төленеді.

Туберкулезбен ауырғандарды емдеуге толық арналмаған, осы тармақта аталған мекемелердің туберкулезбен ауыратындармен жұмыс істеуге айлық жұмыс уақытының кемінде 50 процентін жұмсайтын қызметкерлерінің жалақысы /ставкасы/ да мекеме басшысы бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша осындай мөлшерде арттырылады .

4. Басшы құрам қатардағы медицина қызметкерлерінің, адамдардың жалақысы :

- туберкулез ауруханалары мен санаторийлеріндегі, сондай-ақ жалпы типтегі емдеу мекемелерінің туберкулез бөлімшелеріндегі, палаталары мен кабинеттеріндегі жұмысы үшін;

Сілтеме. Еңбекпен түзеу колонияларының /бөлімшелерінің/, учаскелерінің, түрмелердің, тергеу изоляторларының, ауруханалардың, емдеу-еңбек және оқу-өндірістік шеберханалардың сотталғандармен және бұлтартпау шаралары ретінде қамаудағы адамдармен, туберкулезбен ауыратындармен жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын өсіру осы қосымшаның 3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

- жалпы типтегі емдеу мекемелерінің жұқпалы аурулар мен тері ауруларына шалдыққандарға арналған бөлімшелері мен палаталарында, жұқпалы ауруханалар кабинетінде жұмыс істегені үшін;

- тек қана соз ауруымен ауырғандарды жатқызуға арналған бөлімшелер мен палаталарда жұмыс істегені үшін;

- рентген, рентген-флюорографиялық, радиологиялық және рентген-радиологиялық бөлімшелерде, кабинеттер мен лабораторияларда жұмыс істегені үшін;

- патологоанатомиялық лабораториялар мен бөлімшелерде /прозекторлық, морг/ жұмыс істегені үшін;

- токсикология лабораторияларында жұмыс істегені үшін;

- емдеу мекемелері мен санитарлық-эпидемиологиялық стансаларда мамандығы бойынша жұмыс істейтін эпидемиолог, анестезиолог-реаниматолог, бактериолог, вирусолог, радиолог, паразитолог дәрігерлері мен дезинфекционистерге;

- хирургиялық ірің ауруларымен және асқынған аурулармен науқастанғандарды емдейтін іріңді хирургия бөлімшесінің /палатасының/, сондай-ақ гемодиализ, тастарды қашықтан рентген толқыны соққысымен ұнтақтайтын, мидың қан айналысы бұзылған науқастарға арналған неврологиялық бөлімшелердің медицина қызметкерлеріне

а) 15 процент;

- ақыл-есі ауысқан ауруларды күту мен емдеуге арналған емдеу мекемелерінде, бөлімшелерде, палаталарда, кабинеттерде, наркология бөлімшелерінде, кабинеттері мен палаталарында жұмыс істегені үшін;

- Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі аппаратында, облыстар мен қалалардың ішкі істер басқармаларында жұмыс істейтін дәрігерлерді қоспағанда, мамандығы бойынша жұмыс істейтін дәрігер-психиатрларға, дәрігер-психиатр-наркологтарға;

- созылмалы алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын сотталғандарды күту мен еріксіз емдеу арнайы құрылған еңбекпен түзеу колонияларында жұмыс істегені үшін

б) 25 процент арттырылады.

Жалақы мөлшерін көтеруге хұқы бар адамдардың /еңбекпен түзеу

колониялары бастықтарының емдеу-профилактикалық жұмыс жөніндегі орынбасарлары мен медицина бөлімдері бастықтарын қоса/ дербес тізімі Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі денсаулық сақтау қызметкерлері үшін бекіткен тізбеге сәйкес мекеме бастығының бұйрығымен жарияланады.

Жұмыс жағдайының зияндылығы немесе хауіптілігі әр түрлі болуына қарай медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақыны өсіруге хұқығы болған реттерде лауазымдық жалақысы 25 процент арттырылады.

Ескерту. 4-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің
1994.05.18. N 530 қаулысымен.

5. Психиатриялық ауруханадағы адамдарды қатаң бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын күзет бөлімі қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 25 процент өсіріледі.

Егер жалпы типтегі емдеу мекемелеріндегі, сондай-ақ тергеу изоляторлары мен түрмелердегі корпус бақылаушылары, аға бақылаушылар мен аға қызметкер айлық жұмыс уақыты нормасының кемінде 50 процентін ақыл-есі ауысқан аурулар бар бөлімшелерге, палаталарға /камераларға/ қызмет көрсетуге жұмсаған жағдайда олардың лауазымдық жалақысы 25 процент арттырылады.

6. Әрбір жағдайда лауазымдық жалақыны /ставканы/ өсіру негізгі лауазымдық жалақыдан /ставкадан/ есептеледі. Процентпен бейнеленген лауазымдық жалақыны /ставканы/ өсіру мөлшері қосылады да жалақы /ставка/ проценттер сомасына арттырылады.

Ерекше қызмет жағдайы үшін үстемеақылар, қосымшаақылар
және басқа төлемдер

1. Қатардағы, кіші орта және аға басшы құрамдағы адамдарға кластық біліктілігі үшін:

- 2 класты маман атағы барларға /II-санаттағы біліктілігі бар медицина қызметкерлеріне /лауазымдық жалақысының 5 проценті;

- I класты маман атағы барларға /I-санаттағы біліктілігі бар медицина қызметкерлеріне/ - лауазымдық жалақысының 7 проценті;

- I класты маман-тәлімгер атағы барларға /жоғары санаттағы біліктілігі бар медицина қызметкерлеріне/ - лауазымдық жалақысының 10 проценті мөлшерінде үстемеақы төленеді.

2. Жұмыс жағдайына қарай демалыс күндері жұмыста болуы қажет Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өндірістік кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарының басшы құрамының адамдары қатарындағы басшылары мен мамандарына, сондай-ақ еңбекпен түзеу колонияларының, еңбекпен түзеу

колониялары-қоныстары, еңбекпен тәрбиелеу колониялары мен түрмелердің жекелеген санаттағы қызметкерлеріне сотталғандармен жұмыс істегені үшін олардың әрқайсысына берілетін қосымша демалыс күнінің орнына мекеме басшысы бекіткен лауазымдар тізбесі бойынша лауазымдық жалақысының 5 проценті, бірақ айына 10 проценттен аспайтын мөлшерде үстемеақы төлеуге р ұ қ с а т е т і л с і н .

Зиянды еңбек жағдайына байланысты жұмысы, режимі және басқа негіздері бойынша көтеріңкі жалақы төленетін адамдарға бұл үстемеақы көтеріңкі жалақысына е с е п т е л і н е д і .

Үстемеақы төлеу еңбекақы қорын үнемдеу шеңберінде жүргізілсін.

Қызметкерлерді айына екі демалыс күнінен артық жұмысқа қатыстырған жағдайда қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оларға басқа күндері демалыс б е р і л е д і .

3. Жүргізуші милиционерлерге, әскерилендірілген өрт сөндіру күзетінің жүргізушілеріне, жүргізуші-қызметкерлерге, жол қозғалысы инспекторларына, сондай-ақ автомобильдерде қызмет атқаратын өрт сөндіру мәшинесін жүргізуші а ғ а н ұ с қ а у ш ы л а р ғ а ;

- бірінші класты жүргізушілік куәлігі барларға - лауазымдық жалақысының 1 5 п р о ц е н т і ;

- екінші класты жүргізушілік куәлігі барларға - лауазымдық жалақысының 10 проценті мөлшерінде үстемеақы төленеді.

4. Ерекше қызмет жағдайы үшін:

- ерекше мақсаттағы милиция отрядтарының, ҚАЖББ жүйесінің арнаулы мақсаттағы отрядтарының қатардағы және басшы құрамына;

- бірінші кезекті апат-құтқару жұмыстарын жүргізген жағдайда мамандандырылған отрядтар мен әскерилендірілген өрт сөндіру күзеті бөлімдерінің қатардағы және басшы құрамына;

- ұсталған және қамауға алынған адамдарды уақытша ұстау изоляторларының , милицияның күзетқызметінің саптық бөлімшелерінің, тергеу изоляторлары мен түрмелердің қатардағы және кіші басшы құрамына денсаулыққа қатерлі еңбек ж а ғ д а й ы ү ш і н ;

- кепілді беріктігін құпияландыру аппараты бар "Роса-Д" кешенінің абоненттік стансасымен белгіленген тәртіппен жабдықталған жеңіл автомобильдердің жүргізуші-қызметкерлеріне;

- медициналық айықтырғыштарда: бастық, бастықтың орынбасары, кезекші инспектор, профилактика инспекторы, взвод командирі, милиционер қызметінде ж ұ м ы с і с т е г е н і ү ш і н ;

- қызмет иттерімен патрульдік-күзет қызметін атқарғаны, оларды күтіп-бағу және жаттықтыру жөніндегі жұмыстарды орындағаны үшін қатардағы және

Соның өзінде егер кіші инспектор-кинологтар өздерінің негізгі қызметтерінен тыс жұмыс уақытының кемінде жартысын қызмет иттерімен патрульдік-күзет қызметін атқаруға жұмсаған жағдайда ғана /өткен айдағы жұмысы есебіне қарай/ оларға аталған үстемеақы төленуге тиіс.

Тұрғын жерінде ұсталып, қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмысқа қарсы күресте пайдаланылатын қызмет иттерін күтіп-баққаны, жаттықтырғаны және тамақтандырғаны үшін кинологтардың лауазымдық жалақысының 20 проценті мөлшерінде ақшалай өтем жасалады;

- милицияның саптағы атты бөлімшелерінің қатардағы және басшы құрамына-қызмет атқарғаны және атты күтіп-баққаны үшін лауазымдық жалақының 10 проценті мөлшерінде үстемеақы төленеді.

5. Кәмелетке толмағандардың қабылдауыш-бөлу орындарында, сондай-ақ қаңғыбастығы үшін ұсталғандардың қабылдауханасындағы қызметтің ерекше жағдайы үшін қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға лауазымдық жалақысының 25 проценті мөлшерінде үстемеақы төленеді.

6. Оба, туляремия, бруцеллез және басқа ауру түрлерін жою жөніндегі жұмыстарға қатардағы және басшы құрам тартылған жағдайда қосымша ақшалай ақы төлеу туралы /екінші лауазымдық жалақы, тәуліктік ақша және басқалары/ мәселені Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Қаржы министрлігінің "Эпидемиямен күрес жөніндегі шараларға бюджеттен қаржы жұмсау және қызметкерлердің іссапарын төлеу тәртібі туралы" нұсқауына қарайластырып эпидемияның әрбір нақты жағдайына қарай республиканың Ішкі істер министрлігі қарастырады.

7. Өрт, апат және түтіндендірілген ортадағы жаттығу жағдайларында оттегін жұтқыш противогаздарда жұмыс істегені үшін әскерилендірілген өрт сөндіру күзетінің қатардағы және басшы құрамның адамдарына жұмыс сағатына төрт сағаттық ставка мөлшерінде қосымшаақы /айлық жалақысы құрамында бір сағаттық ставка және жалақысынан тыс үш сағаттық ставка/ төленеді. Есеп лауазымдық жалақыдан жүргізіледі.

8. Төтенше жағдайда қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметті атқарған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарға ақшалай ақы үш есе мөлшерде төленеді.

9. Ішкі істер органдарының шифрлық қызмет штатында тұрған және тікелей шифрлық жұмыста істейтін басшы құрамның адамдарына, шифрларға байланысты жұмыстағы шифрлық қызмет қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау, олардың біліктілігін жетілдіру мен көтеру курстарының басшы және оқытушы құрамына аталған қызметтер мен Ішкі істер министрлігі курстарындағы үздіксіз жұмысы үшін лауазымдық жалақысына:

- 1 жылдан 3 жылға дейінгі үздіксіз жұмысы үшін - 10 %
- 3 жылдан 6 жылға дейінгі үздіксіз жұмысы үшін - 15 %
- 6 жылдан астам үздіксіз жұмысы үшін - 20 % мөлшерінде үстемеақы төленеді .

10. Әскери-жұмылдыру бөлімшелеріндегі үздіксіз жұмыс стажын есепке ала отырып, әскери-жұмылдыру бөлімшелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына :

1 жылдан 2 жылға дейінгі үздіксіз жұмысы үшін - 10 %
2 жылдан 4 жылға дейінгі үздіксіз жұмысы үшін - 15 %
4 жылдан астам үздіксіз жұмысы үшін - 20 % мөлшерінде үстемеақы төленеді .

11. Қаңғыбастығы үшін ұсталған адамдарға, кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлуханалардың, әкімшілік жолмен тұтқындалғандардың арнаулы қабылдауханаларының, медициналық айықтырғыштардың арнаулы әскери атағы жоқ қызметкерлеріне /оның ішінде медицина қызметкерлеріне/ лауазымдық жалақысына 25

процент, дезинфектор лауазымы бойынша - 35 процент мөлшерінде үстемеақы төленеді.

12. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі ерекше жағдайдағы қызмет үшін өзге де үстемеақылар мен қосымша төлемдерді бекіте алады. Мұндай жағдайда үстемеақылар мен қосымша төлемдердің жалпы мөлшері айлық лауазымдық жалақының 40 процентінен аспауы тиіс.

Ескерту. 12-қосымша жаңа тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.06.15. N 829 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 28 желтоқсандағы
N 1088 қаулысына
N 18 қосымша

Ішкі істер органдарының, орта, аға және жоғары басшы
құрамдағы адамдарының арнаулы атақтар бойынша
Жалақылары

! жалақы /айына сом есебімен/

Кіші сержант	1000
Сержант	1200
Аға сержант	1400
Старшина	1600
Прапорщик	2000
Аға прапорщик	2200
Кіші лейтенант	3000
Лейтенант	3400
Аға лейтенант	3800
Капитан	4200
Майор	4600
Подполковник	5000
Полковник	5400
Генерал-майор	6400
Генерал-лейтенант	7000
Генерал-полковник	7600

Ескерту: Арнаулы әскери атақтар бойынша жалақылар Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің, Ішкі әскерлерінің, Ұлттық хауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне арналған мерзімге енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК